

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ  
акционерлерінің жалпы жиналысының  
2018 жылғы 11 шілдедегі  
шешімімен бекітілген



«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының  
2018 жылғы 12 наурыздағы шешімімен бекітілген  
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Жарғысына өзгерістер  
мен толықтырулар енгізу

1. 12-тармақтың 26) тармақшасы «Самұрық-Қазына» АҚ тобына» деген сөздерден кейін «(бұдан әрі – Қор)» деген сөздермен толықтырылсын;
2. 46-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;
3. 103-тармақтың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«21) оның (олардың) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (шығарылуы мүмкін) мәміле жасасу туралы шешім қабылдау күніне Қоғамның оның (олардың) нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайызды құрайтын мүлік Қоғамның иелігінен шығарылатын (шығарылуы мүмкін) ірі мәміле (мәмілелер) жасасуы туралы шешім қабылдау.

Бұл ретте, нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден асатын мүлік сатып алынатын немесе иелік шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді жасасу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады;

4. 108-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«12) Қоғамда ішкі бақылау рәсімдерін белгілеу және олардың сақталуын бақылау;»;
5. 108-тармақтың 13) тармақшасы алынып тасталсын;
6. 108-тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«23) Жарғының 103-тармағының 21) тармақшасына сәйкес, оларды жасасу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді есептемегенде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, Қоғам ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау. Заңда көзделген жағдайларды есептемегенде, нәтижесінде құны 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден асатын мүлік сатып алынатын немесе иелік шығарылатын (сатып алынуы немесе иелік шығарылуы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы әрі мәміле болып танылады. Бұл ретте, нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден асатын мүлік сатып алынатын немесе иелік шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді жасасу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады;»;

7. 108-тармақтың 41) тармақшасы мен соңғы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
«41) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Қоғамның директорлар кеңесі немесе Қор заңнамада белгіленген тәртіппен бекіткен құжаттармен Қоғамның директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

Қоғам басқармасының бастамашылығымен директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын барлық мәселелерді Қоғамның басқармасы мақұлдауы тиіс.»;

8. 114-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«114. Тәуелсіз директорлар мен бас директорды (басқарма төрағасын) қоса есептегенде, директорлар кеңесі мүшелерінің саны (уақытша бос орындар болмағанда) кем дегенде 4 (төрт) адам болуы тиіс.»;

9. 124-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

10. 139-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Қоғамның өзге де органдарының, Қоғамның бас директорының (басқарма төрағасының) құзыретіне жатқызылған мәмілелерді есептемегенде, Қоғам мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте, нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден асатын мүлік сатып алынатын немесе иелік шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді жасасу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады.»;

11. 139-тармақтың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«16) Қоғамның инвестициялық жобаларды іске асыруы туралы шешімдерді қабылдайды. Бұл ретте, оларды толық іске асыру құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден асатын инвестициялар жиынтығын жүзеге асыруды көздейтін инвестициялық жобалар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады;

12. 145-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Занда белгіленген жағдайлардан басқа, басқарма құрамына кіретін қызметкерлер мен корпоративтік хатшыны есептемегенде, Қоғамның штат кестесіне сәйкес, Қоғамның қызметкерлерін қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін белгілейді.»;

13. 145-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қоғамның атынан Қоғамның жеке капиталының мөлшерінен 5 (бес) пайызға дейінгі сомаға мәмілелерді жасасады. Бұл ретте, нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден асатын мүлік сатып алынатын немесе иелік шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді жасасу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады.»

Бас директор  
(басқарма төрағасы)



*[Handwritten signature]*

Қ. Есқазиев

*[Handwritten signature]*

2  
*[Handwritten initials]*